

МРНТИ 15.31.28

<https://doi.org/10.51889/2020-1.1728-7847.34>

А.Б. Наренова <sup>1</sup>, С.С. Сейтенова <sup>2</sup>

<sup>1,2</sup>Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті  
(Ақтөбе, Қазақстан)

## ЖЕТКІНШЕКТЕР БОЙЫНДА ПОЗИТИВТІ «МЕН-ТҰЖЫРЫМЫН» ДАМУҒА ЫҚПАЛ ЕТЕТІН ФАКТОРЛАР

*Аңдатпа*

Бұл мақалада жеткіншек шақтың маңызды ерекше белгісі жеткіншектің жеке тұлға ретінде әрі қарай дамуына түпкілікті маңызы бар, оның өзіндік санасындағы фундаменталды өзгерістер қарастырылады. Нақ осы кезеңде Б.Г.Ананьев пікірінше, қатынастардың көптеген объектілерінен өтіп, сана өзіндік сананың объектісіне айналады, мінез-құлық құрылымын аяқтай отырып, оның тұтастылығын қамтамасыз етіп, жеке тұлғаның дамуына және тұрақталуына ықпалын тигізеді. Жеткіншек шақта жас балалар бойында белсенді түрде өзіндік сана қалыптасады, өзін-өзі бағалаудың және өз-өзіне қатынастың үлгілерінің тәуелсіз жүйесі қалыптасады, өзінің өзіндік әлеміне ене білу қабілеттері дами бастайды. Бұл шақта жеткіншек өзінің ерекшелігін, қайталанбастығын сезіне бастайды, оның санасында біртіндеп сыртқы бағалаудан ішкі бағалауға ауысу басталады. Осылайша, жеткіншек бойында біртіндеп, жас баланың мінез-құлқының саналы немесе санасыз құрылуына ықпалын тигізетін «Мен-тұжырымы» дами бастайды.

**Кілт сөздер:** жеткіншек шақ, «Мен-тұжырымы», құрылымдық компоненттер, сенімділік, позитивті.

A.B. Narenova <sup>1</sup>, S.S. Seytenova <sup>2</sup>

<sup>1,2</sup>Aktobe Regional State University named after K.Zhubanova  
(Aktobe, Kazakhstan)

## FACTORS INFLUENCING THE POSITIVE DEVELOPMENT “I AM THE CONCEPT” AT TEENAGERS

*Abstract*

This article discusses an important distinguishing feature of adolescence is the fundamental change in adolescents' self-awareness, which is necessary for the further development of the adolescent as a person. During this period, according to B. Ananyev, through many forms of communication, consciousness becomes an object of self-awareness, complementing the structure of behavior, ensuring its integrity and contributing to the development and stabilization of the individual. In adolescence, young children actively develop self-awareness, an independent system of self-esteem and self-esteem, as well as the ability to integrate into their own world. At this moment, the teenager begins to feel his originality and uniqueness and gradually begins to move from the external to the internal. Thus, as the teenager gradually begins to develop a “self-concept,” which contributes to the conscious or unconscious formation of the child’s behavior.

**Key words:** adolescence, self-esteem, structural components, reliability, positive.

Наренова А.Б.<sup>1</sup>, Сейтенова С.С.<sup>2</sup>

<sup>1,2</sup> Актюбинский региональный государственный университет им.К.Жубанова  
(Ақтөбе, Казахстан)

## ФАКТОРЫ ВЛИЯЮЩИЕ НА ПОЗИТИВНОЕ РАЗВИТИЕ «Я - КОНЦЕПЦИЯ» У ПОДРОСТКОВ

*Аннотация*

В этой статье рассматривается важной отличительной чертой подросткового возраста является фундаментальное изменение самосознания подростков, которое необходимо для дальнейшего развития подростка как личности. В этот период, по словам Б.Ананьева, через многие формы общения сознание становится объектом самосознания, дополняя структуру поведения, обеспечивая его целостность и способствуя развитию и стабилизации личности. В подростковом возрасте у маленьких детей активно развивается самосознание, независимая система самооценки и самоощущения, а также способность интегрироваться в собственный мир. В этот момент подросток начинает ощущать свою оригинальность и уникальность и постепенно начинает переходить от внешнего к внутреннему. Таким образом, по мере того, как у подростка постепенно начинает развиваться «Я-концепция», которая способствует сознательному или бессознательному формированию поведения ребенка.

**Ключевые слова:** подростковый возраст, самооценка, структурные компоненты, надежность, позитив.

Жеткіншек шақ – жеке тұлға дамуының кезеңі болып табылатын, бала шақтарының ең қиыны және күрделісі. Бұл жеткіншек шақтың маңызды ерекше белгісі-жеке тұлға ретінде дамуы үшін түпкілікті маңызы бар жеткіншектің өзіндік санасындағы болып жатқан фундаменталды өзгерістер болып табылады. Б.Г. Ананьев пікіріне сәйкес, сана көптеген қатынасатар объектісі арқылы өтіп, өзіндік сана объектісіне айналады. Мінез құрылымын аяқтап, оның тұтастылығын қамтамасыз етеді, жеке тұлға дамуына және тұрақталуына әсерін тигізеді [1, 89 б].

Жеткіншек шақта - жас балаларда өзіндік сана белсенді түрде дамиды, өзін-өзі бағалау және өзіне-өзі қатынас эталондарының тәуелсіз жүйесі пайда болады, өзінің жеке әлеміне ене білу қабілеттері күшейе түседі, өзінің ерекшелігінің қайталанбастығын түсінуі басталады. Осылайша, жеткіншек бойында біртіндеп «Мен-тұжырымы» дамиды. «Мен-тұжырымы» жас баланың мінез-құлқының, саналы немесе санасыз құрылуына әсерін тигізеді. «Мен-тұжырымы» айтарлықтай деңгейде жеткіншек жеке тұлғасының әлеуметтік адаптациясын анықтайды, оның іс-әрекеті мен мінез-құлқының реттеушісі болып табылады. Көптеген зерттеулер көрсеткендей, бұл жас кезеңінде позитивті «Мен-тұжырымының» болуы дұрыс дамудың және әлеуметтік адаптацияның қажетті де, маңызды да шарты болып табылады. Ал негативті «Мен-тұжырымы», өзін-өзі сыйлаудың төмендеуі, кейде әлеуметтік дезадаптацияға алып келеді [2, 212 б].

Қазіргі кезде психология ғылымындағы көрнекті ғалымдар жеткіншектердің позитивті «Мен-тұжырымын» дамыту мәселесінің мән-маңызына, жалпы адамзат қоғамындағы роліне айырықша ден қоюда. Әсіресе, психология ғылымының жас ерекшеліктер психологиясы саласы бойынша жеткіншектердің позитивті «Мен-тұжырымын» дамыту мәселесі арнайы зерттеуді талап етеіндігі дәлелденіп отыр. Жоғарыда айтылғандарға сүйене отырып, біз келесідей шешімге келдік, позитивті «Мен-тұжырымын» дамыту бойынша жұмыс нақ осы жас кезеңінде өзекті болып табылады. «Мен-тұжырымы» ұғымы ХІХ ғасырда американ психологы және философы У.Джеймспен енгізілді. «Мен-тұжырымы» ұғымының теориялық және қолданбалы дамуы А.Маслоу, К.Роджерс, Э.Эриксон сияқты атақты гуманист-психологтар шығармашылығының арқасында жан-жақты зерттелді. Өткен Кеңес кезеңіндегі психологияда «Мен-тұжырымы» мәселесімен және жақын ғылыми бағытпен Б.Г.Ананьев, И.С.Кон, Д.А. Леонтьев, В.В.Столин, А.А.Реан айналысты. «Мен-тұжырымы» ұғымы өзінің толық бейнесін Р.Бернстің «Мен-тұжырымының дамуы және тәрбие» еңбегінде (1986) тапты. «Мен-тұжырымы» ұғымын аша отырып, оның құрылымдық компоненттерін бөле отырып, нақ осы еңбекке сүйендік. Қазіргі заманғы психологияда «Мен-тұжырымы» жеке тұлға құраушы компоненттерінің бірі болып, индивидтің өз-өзіне қатынасы болып саналады. «Мен-тұжырымы» ұғымы жеке тұлғаның оның субъективті ішкі жағымен бірлігін және тұтастығын білдіреді, яғни, индивидтің өзі туралы түсінігі, өзін кім ретінде сезінеді, қалай өзін елестетеді [3, 197 б].

«Мен-тұжырымы» - өзіне бағытталған құрылғылардың бірлестігі. Көптеген анықтамаларда құрылғылардың үш негізгі элементін, үш психологиялық құрауышын белгілейді: 1) «Мен» бейнесі – индивидтің өзі жайында түсінігі. 2) Өзін-өзі бағалауы – түрлі интенсивтіліктегі бұл түсініктің аффективті бағалауы, «Мен» бейнесінің нақты белгілері оларды қабылдау немесе сынаумен байланысты қатты немесе әлсіз эмоциялар тудыруы мүмкін. 3) Потенциалды мінез-құлықтық реакция, яғни «Мен» бейнесімен және өзін-өзі бағалаумен тудырылатын нақты бір әрекеттер. Индивидтің өзін-өзі қабылдау және бағалау пәні ретінде оның қабілеттері, әлеуметтік қатынастары және көптеген жеке тұлғалық көріністері болуы мүмкін. Мен-тұжырымының үш негізгі құрылымдық компоненттеріне жеке-жеке тоқталайық [4, 32 б].

«Мен-тұжырымының» когнитивті құрылымдық бөлігі. Индивидтің өзі жайында түсінігі, әдетте олардың объективті білімге немесе субъективті пікірге негізделгеніне, шынайы немесе қате болуына қарамастан дәлелді болып саналады. «Мен» бейнесінің дамуына алып келетін өзін-өзі қабылдаудың нақты тәсілдері сан алуан түрлі болуы мүмкін. Белгілі бір адамды бейнелей отырып қолданылатын абстрактілі мінездемелер нақты жағдаймен байланысты емес. Индивидтің жалпыланған бейнесінің элементі ретінде олар, бір жағынан оның мінез-құлқындағы тұрақты тенденцияларды, екінші жағынан біздің қабылдауымыздың таңдамалылығын бейнелейді. Нақ осы жағдай біз өзімізді бейнелегенде де орын алады: біз сөзбен өзіміздің әдеттегі өзін-өзі қабылдауымыздың негізгі мінездемелерін бейнелеуге ұмтыламыз, оларға жататындар, индивидтің кез-келген рольдік, статустық, психологиялық мінездемесі. Олар түрлі шамалық қатынаста «Мен» бейнесіне кіреді – біреулері индивид үшін маңыздырақ, екіншілерінің маңыздылығы аз. Өзін-өзі бейнелеу элементтерінің маңыздылығы және сәйкесінше олардың иерархиясы, индивидтің өмірлік тәжірибесі немесе жағдайға байланысты өзгеруі мүмкін. Бұндай өзін-өзі бейнелеулер - бұл жеке тұлғаның бөлек қасиеттері арқылы оның қайталанбастығын бейнелеу болып табылады [4, 33 б].

«Мен-тұжырымының» бағалық құрылымдық бөлігі. Адамның өзін-өзі бағалауы тұрақты болып табылмайды, ол жағдайға байланысты өзгеріп отырады. Индивидтің өзі туралы түрлі түсініктердің бағалау білімдерінің көзі болып, оның әлеуметтік-мәдени қоршаған ортасы болып табылады. Индивидтің бағалық бейнелеулерінің көзі ретінде өзін-өзі бақылауларына әлеуметтік реакциялар болуы мүмкін. Өзін-өзі бағалау индивидте өзін-өзі сыйлау сезімінің даму деңгейін, өзінің қажеттілік сезімін және оның «Мен» аймағына енетін құрылымдарға позитивті қатынасын бейнелейді. Өзін-өзі бағалау индивидтің өзінің маңыздылығын белгілеуге тырысатын саналы пайымдауларында көрініс табады. Дегенмен, ол жасырын болады немесе кез-келген өзін-өзі бейнелеуі дәл болады.

Өзін-өзі түсінуде маңызды үш элемент бар. *Біріншіден*, оның дамуында маңызды рольді шынайы «Мен» бейнесін реалды «Мен» бейнесімен салыстыруы яғни адамның қандай болғысы келетіні жайында түсінігі. Шынайы өмірде өзі үшін идеалды «Мен» бейнесін анықтаушы мінездемелерді иеленген адамның өзін-өзі бағалауы жоғары болуы тиіс. Егер де адам шынайы өмірдегі жетістіктері мен идеалды «Мен» бейнесінің арасында байланыссыздықты сезінетін болса, оның өзін-өзі бағалауы төмен болады [4, 36 б]. Өзін-өзі бағалаудың дамуы үшін маңызды *екінші* фактор, берілген индивидке әлеуметтік реакциялардың интериоризациясымен байланысты. Басқаша айтқанда, адам өзін басқа адамдар бағалауы бойынша қабылдауға бейім болып келеді. Өзін-өзі бағалаудың қалыптасуына және табиғатына арналған тағы бір көзқарас, индивидтің өз іс-әрекетінің сәттілігін сәйкестік призмасы арқылы бағалауы. Мынаны ерекше бөліп кеткен жөн, өзін-өзі бағалауы, оның негізінде индивидтің жеке пайымдаулары немесе басқа адамдар пайымдауларының интерпритациясы жатқанына қарамастан, әр уақытта субъективті мінезде болады. Позитивті «Мен-тұжырымын» өзіне деген позитивті қарым-қатынасқа, өзін-өзі сыйлауға, өзін қабылдауға, өзін қажетті, құнды жеке тұлға ретінде қабылдауға теңдестіруге болады; негативті «Мен-тұжырымының» синонимі ретінде, бұл жағдайда өзіне деген негативті қарым-қатынас, өзінің толыққамсыздық сезімі болады. [4, 37 б].

Мен-тұжырымының мінез-құлықтық құрылымдық бөлігі. Бәрімізге де, адамдардың тек қана өзінің сенімдеріне сәйкес әрекет етпейтіндігі бұрыннан мәлім. Адам мінез-құлқындағы жиі қалыптасып алған тікелей құрылғылар әлеуметтік орта қолайсыздығына байланысты өзгертіледі немесе мүлдем тоқтатылады. Бұндай құрылғы – белгілі бір объектпен байланысты эмоционалды мінездегі көз жеткізушілік. Құрылғылар кешені ретіндегі «Мен-тұжырымының» ерекшелігі тек қана, берілген жағдайда объект болып, құрылғы иеленуші болып саналады. Осы өзінің бағыттылығына байланысты «Мен» бейнесімен байланысты барлық эмоциялар мен бағалаулар күшті және тұрақты болып табылады. Басқа адамның өзіне деген қатынасына мән бермеу әлде қайда жеңіл, бұл үшін психологиялық қорғаныс құралдарын білген жөн. Егер де әңгіме адамның өз-өзіне деген қатынасы жайында болса, онда қарапайым вербалды манипуляциялар бұл жерде мардымсыз болуы мүмкін. Ешкім де өзіне деген қатынасын жеңіл өзгерте алмайды.

Біз «Мен-тұжырымы» ұғымын және оның құрылымдық компоненттерін қарастырдық. «Мен-тұжырымының» дамуы жеке тұлғаның индивидуалдық ерекшеліктері негізінде құрылады, сонымен қатар, өзара қатынас механизмінің әсері негізінде, адамның психоәлеуметтік даму процесі, жеке тұлға «Мен-тұжырымының» даму кезендері Э.Эриксонмен толық ұсынылған. Қазіргі заманғы психологияда жеке тұлғаның дамуы атты ғылыми позиция бар. Бұл - Э.Эриксон позициясы, ол адам өмірі циклінің периодизациясы ретінде көрсетілген. Э.Эриксон бойынша кез келген адам қандай мәдениетке сәйкес болуына қарамастан, барлық сатыдан өтеді, барлығы да оның өмірінің ұзақтылығына байланысты.

Дамудың түрлі кезеңдеріндегі «Мен-тұжырымы».

1. Сенімділік негіздерінің дамуы. Э.Эриксон теориясына сәйкес адам, жеке тұлғалық дамуының негіздері бірінші кезеңде қаланады, ол туғаннан 18 айға дейінгі уақыт аралығын алады. Бұл кезеңде бала бойында қоршаған ортаға деген сенім сезімі қалыптасады. Бұл позитивті өзін-өзі сезінудің қалыптасуының негізі болып саналады. Керісінше болған жағдайда, ол іс-әрекеттің жаңа түрлерін жеңілдікпен игере алмайды. Сенімділік тудыратын ортада бала өзінің қажеттілігін сезініп, оның бойында болашақта басқа адамдармен өзара әрекетке ұмтылыс, өзіне деген позитивті қатынас қалыптасады. Сенімділік тек біреуге қатысты болуы мүмкін ғана болғандықтан, ол сезім бала өзін басқа адамдардан және объектілерден бөлуге үйренбестен дамуы мүмкін емес. Бұның барлығы ана қамқорлығының көмегімен қалыптасады [4, 71 б].

2. Автономияның дамуы. Бала дамуының екінші кезеңі 1,5 жастан 3-4 жасқа дейін созылады. Бұл кезеңде бала өзінің индивидуалды бастамасын және өзін белсенді әрекет етуші ретінде түсіне бастайды, яғни бала ересектерден толық тәуелділік күйінен біршама өзбеттілік күйіне көшуі. Бұл жас шағында бала барлығын да өзінше жасауға ұмтылады. Дегенмен, ересектер әлемі баланың бұндай әрекеттеріне бір қатар тыйым салады. Сонда конфликт туындауы мүмкін. Баланың автономияға ұмтылуы түрлі эксперименттерде және өзін-өзі нақтылауда көрінеді, ал бұл өз орнында ата-анамен қақтығыс туғызады. Бұндай конфликттер балада өз күшіне деген сенімсіздік, өз автономиясына деген сенімсіздік сезімін тудыруы мүмкін. Автономия, өзбеттілік сезімі, өз-өзін бақылау, өзіне деген сенімділікпен бірге кейін нақты бір жағдайды таңдау еркіндігіндегі сенімділікке ауысады. Бұл балаға ата-ана жағынан өз әрекеттерінің бақылауын біртіндеп өз қолына беруінің көмегімен дамытады. Сонымен, Эриксон бойынша, кіші мектеп жасындағы балада, біріншіден, барлығына да негіз болатын қоршаған ортаға деген сенімділік, соның ішінде ата-анаға деген, ал екіншіден, белгілі бір шеңбер аясында жүзеге асырылатын автономия сезімі дамуы тиіс. Осылайша балалық шақ, соның ішінде ерте балалық шақ, болашақ жеке тұлғаның негізі салынатын кезде, «Мен-тұжырымының» дамуындағы маңызды кезең болып табылады.

3. Инициативтіліктің немесе кінә сезімінің дамуы. Дамудың үшінші кезеңі шамамен 4 жастан бастап басталады. Бұл жаста балада, ол болашақта қандай адам болатыны туралы алғашқы елестетулері пайда болады. Сол уақытта ол өзі үшін мүмкін нәрселердің шекараларын анықтай бастайды. Осы уақытта баланың танымдық әрекеті қуатты және табанды бола бастайды. Ол танымдық әрекетінің негізгі қозғаушы күші білмекке құмарлығы болып табылады. Ол енді өзін сенімді сезінеді, өйткені еркін сұрақ қоя алатындай сөйлей алады, оның көз алдында болып жатқан жағдайларды талдап түсіне алады, оның әлеуметтік ортасы үлкейе түседі.

4. Еңбекқорлықтың және толыққамсыздық сезімінің дамуы. Дамудың төртінші кезеңі бала жүйелі ұйымдастырылған әрекетке енген кезде, мектептік жылдарды қамтиды. Осы кезең барысында түрлі нәтижелі әрекетті жүзеге асыру арқыла бала қоршаған орта сеніміне ие болуға ұмтылады. Ол, негізінде, стандартты болып табылатын әрекеттің түрлі құралдары мен үлгілерін игере бастайды. Нәтижесінде, бала бойында еңбекқорлық сезімі дами бастайды. Эриксон бұл кезеңдегі дұрыс дамымаудың салдарын толық жете сипаттайды. Егер балада еңбекқорлық сезімі қалыптаспаса, ол заттық іс-әрекет дағдыларын игере алмайды. Белгілі бір әрекеттерді орындай алмау, біріккен әрекет кезіндегі төмен статус өзінің адекватты емес сезімінің туындауына алып келеді. Сондықтан да, ата-ана мен мұғалімдер міндеті баланы сәттіліктің міндетті түрде, кейінірек келетіндігіне сендіру. Осылайша, мектеп жасында орын алатын даму адамның өзі жайындағы құзыретті, шығармашыл, қабілетті жұмысшы ретіндегі елестетулеріне маңызды дәрежеде әсер етеді.

5. Эго-сәйкестіктің немесе сәйкестік диффузиясының дамуы. Жеке тұлғаның дамуындағы бесінші кезеңді ең терең өмірлік дағдарыс сипаттайды. Балалық шақ аяқталуға жақындайды. Өмірлік жолдың бұл үлкен бір кезеңінің аяқталуы алғашқы эго-сәйкестіктің алғашқы тұтас формасының дамуымен сипатталады. Бұл дағдарысқа дамудың үш жолы алып келеді: физикалық өсу және жыныстық жетілу («физиологиялық революция»); «басқа адамдар көзіне мен қалай көрінемін», «мені басқалар қалай қбылдайды» дегендерді білуге құмарту; өзінің кәсіби қабілеттілігін табу қажеттілігі [5, 104 б]. Жеткіншек-тіктің сәйкестік дағдарысында дамудың бастан кешкен барлық қиын сәттері қайтадан көтеріледі. Енді жеткіншек бұрынғы міндеттерді саналы түрде шешуі тиіс. Сонда әлемге деген әлеуметтік сенімділік, өзбеттілік, инициативтілік, игерілген дағдылар мен ептіліктер жеке тұлғаның жаңа тұтастылығын дамытады.

«Мен-тұжырымының» дамуына ықпал ететін факторлар. «Мен-тұжырымы» дамуының барлық теориялары белгілі бір жас шағына тән ерекшеліктерге бағытталған. «Мен-тұжырымы» дамуының барлық процесі арқылы екі тақырып өтеді. Бұл – жанұялық қатынас ролі және маңызды басқалар ролі.

Маңызды басқалар: «Маңызды басқалар» терминімен өзі үшін маңызды, өздерінің бала өміріне тікелей әсер ете білу қабілеттілігін білдірген адамдар енеді. Маңызды басқалар – бұл жеке тұлға өмірінде маңызды роль алатын адамдар. Олар ықпалды адамдар және олардың пікірі өте маңызды. Маңызды басқалардың индивидке ықпалының деңгейі олардың қоғамдағы беделінен, әлеуметтік қолдауынан, оның өміріне қатыстылық дәрежесіне тәуелді болады [6, Б 229]. Ерте балалық шақта бала айналасындағы маңызды басқалар арасындағы ең маңыздысы, беделдісі ата-анасы болып саналады. Кейін бұл топқа мұғалімдер мен құрбы-құрдастары қосылады. «Мен» бейнесінің ізденісі барысында адам маңызды басқаны таңдап, сол адаммен жасалған өзінің бейнесін жоғары бағалайды. Бұл бейненің дәлдігі маңызды басқаның индивидуалды қасиеттеріне тән. Маңызды басқаның баланы қолдауы, мадақтауы бала бойында позитивті «Мен» бейнесін дамытады, ал керісінше жағдайда оның бойында негативті өзін-өзі бағалаудың пайда болуына алып келеді. Қандай жағдай болмасын, жасалған бейне «Мен-тұжырымының» дамуына қажетті психологиялық тәжірибенің негізгі көзіне айналады.

Ата-ана мінез-құлқы: Жанұяда ата-ана мен бала арасындағы қалыптасатын өзара қатынас типі «Мен-тұжырымының» дамуының маңызды шарт болып табылады. Бұл келесі себептермен түсіндіріледі: біріншіден, «Мен-тұжырымының» негіздері ерте балалық шақта салынады, бұл кезде бала үшін маңызды басқа ретінде ата-анасы болады, ата-анасымен қарым-қатынас өзі жайында түсінік қалыптастыру мен дамытуға қажетті кері байланысты қамтамасыз етеді; екіншіден, ата-анада баланың «Мен-тұжырымының» дамуына ықпал етудің бірегей мүмкіндігі бар, өйткені бала ата-анадан физикалық, эмоционалды және әлеуметтік тәуелділікте болады.

Төмен өзін-өзі бағалаудың дамуы: Төмен өзін-өзі бағалау ата-ананың бала бойында бейімделушілік мінез-құлқына қабілеттілікті дамытуға ұмтылуымен тығыз байланысты. Бұл келесідей талап қоюда көрінеді: тіл алу, басқа адамдар ыңғайына қарай өзгеру, күнделікті өмірінде ересек адамдарға тәуелді болу, жинақылық, құрбыларымен конфликтсіз өзара қатынас. Осындай талаптар бала бойында төмен өзін-өзі бағалаудың дамуына алып келеді. Бұндай жағдайда бала өзін шектеулі сезініп, қоршаған ортаға деген сенімділік сезімі болмай, оған өзінің жеке тұлға ретінде құндылық сезімі жетіспейтін болады.

Орташа және жоғары өзін-өзі бағалаудың дамуы: Бұндай балалардың ата-аналары мейірімді, қамқор позицияны иеленуге бейім болады. Бұндай ата-аналардың қарапайым мақсаттары балаларын қандай болса, солай етіп қабылдауға, олардың мінез-құлқына шыдамдылық танытуға мүмкіндік береді. Дегенмен, баланың кез-келген өзбетті әрекеті ата-ана бойында мазасыздық тудырады. Бұл топ балаларының үйден тыс сырттан жеке тұлғалық тәжірибені өзбетті иеленуі әдетте, шектеледі. Жоғары өзін-өзі бағалауы бар балалармен салыстырғанда, бұндай балалар басқа адамдардың өзі жайындағы пікіріне көбірек бағытталады. Бұл топ жанұяларының маңызды бір ерекшелігі шешім қабылдауда алдын ала қалыптастырылған айқын мүмкіндігі, беделдің және жауапкершіліктің көрінісі. Ата-ананың біреуі өз жауапкершілігіне негізгі шешімдерді қабылдауы алады, ал жанұяның қалаған мүшелері онымен келіседі. Ал қалған мәселелерді жанұя мүшелері бірігіп шешеді. Бұнда өзара сенімділік атмосферасы сезіледі, әрбір жанұя мүшесі өзін ортақ шеңберге ендірілгенін сезінеді. Осылайша, жоғары өзін-өзі бағалау өзінің ынтымақтастығымен, бірлігімен ерекшеленетін жанұяларда қалыптасып, дамиды. Бұндағы анасының өзіне деген және жұбайына деген қатынасы позитивті. Бала үшін ата-анасы еліктеудің ең жоғары үлгісі болып табылады. Бұндай бала кез келген әрекетте өз күшіне сеніп күнделікті мәселелерді сәттілікпен шешеді. Бұндай балалар мазасыздық пен стреске бергісіз болып келеді, өзін және қоршаған ортаны шынайы қабылдайды.

Мен-тұжырымының дамуы үшін келесі сәттер маңызды:

\* Еркіндік беру немесе тыйым салу. Кейбір ата-аналар бала мінез-құлқын қатаң қадағлау стратегиясын ұстанады; басқалары шексіз еркіндік береді. Үшіншілері осы екі жақтың арасынан алтын ортаны таба алады.

\* Қарым-қатынастағы жылылық пен шеттету. Ата-аналардың барлығы дерлік өз балаларын жақсы көретіндігіне қарамастан, олардың арасында өз сезімдерін қаншалықты жиі білдіретіндігіне байланысты айырмашылық болады.

\* Қызығушылық немесе байыпсыздық. Көптеген ата-аналар бала өміріне деген қызығушылығын асыра танытады, ал бұл баланың «Мен-тұжырымының» дамуына теріс әсерін тигізеді. Ұрысып, жазалау кезінде де, оған толық байыпсыздық танытқаннан ата-ана оның «Мен-тұжырымының» дамуына аз зардап келтіреді.

\* Жанұяда дүниеге келу кезегі. Берілген жағдай өзін-өзі бағалауға мейлінше аз әсер етеді. Бірақ баланың өз жыныстық белгісіне байланысты ата-анасымен қарым-қатынасы маңызды. Ата-ананың

баламен қарым-қатынасындағы беделділіктің жоғары деңгейі позитивті «Мен-тұжырымының» дамуына кедергі болады.

Жеткіншектер арасындағы топтасуға деген және топшілік статустық дифференциациясына деген тенденциясы, формалды емес топтарға ғана емес, мектептегі сыныптарға да тән, жеткіншектің өзін-өзі бағалауының оның әлеуметтік-психологиялық статусымен байланысын қарастыруды қажет етеді. Кеңес кезеңіндегі психологтардың бірқатар зерттеулерінің мәліметтері берілген екі категория арасындағы тығыз байланысты көрсетеді. Я.Л.Коломинский жеткіншектердің әлеуметтік перцепциясында бірқатар қызық заңдылықтарды анықтады:

- төмен статусты оқушылардың өзін-өзі бағалаудың социометриялық статусының жоғары болуына және керісінше жоғары статустағылардың төменгі тенденциясын анықтады;
- топтың басқа мүшелеріне өзінің статусына тең немесе өзінен төмен статусты беру тенденциясы;
- ретроспективті оптимизация-бұрынғы топтардағы өзінің статусын жақсырақ санау.

Бұл аймақтағы кейінгі зерттеулер өзін-өзі бағалау ерекшеліктерінің оның сыныптағы әлеуметтік-психологиялық статусына ықпалын дәлелдейді, бала неғұрлым өзіне сын көзбен қарап, өзін-өзі бағалауы жоғары болса, соғұрлым оның социометриялық статусы жоғары болады. Бұндай байланыстың себебін кейбір авторлар жеткіншектердің өзіне деген сынның жоғарылауынан көреді.

Өзін-өзі бағалауы және педагогикалық баға. Педагогикалық бағалаудың өзін-өзі бағалауға әсері де қызығушылықты тудырады. Кеңестік психологияда бұл сұрақты Б.Г.Ананьев жан-жақты қарастырды. Ол педагогикалық бағаның негізі екі функциясын бөлді: бағдарлаушы (интеллектуалы сфераға ықпалы) және итермелеуші (жеке тұлғаның аффективті-еріктік сферасына ықпалы). Бұл функциялардың бірлескен үйлесімдігі баланың өзі жайында түсінігін, яғни өзін-өзі бағалауын, өзіндік санасын дамытады. Тәрбиелеушінің бағалау ықпалы сыныптағы балалардың өзара қатынасына, өзара бағалауына әсер етеді.

Жеткіншек шақтың маңызды ерекше белгісі жеткіншектің жеке тұлға ретінде әрі қарай дамуына түпкілікті маңызы бар, оның өзіндік санасындағы фундаменталды өзгерістер. Нақ осы кезеңде Б.Г.Ананьев пікірінше, қатынастардың көптеген объектілерінен өтіп, сана өзіндік сананың объектісіне айналады, мінез-құлық құрылымын аяқтай отырып, оның тұтастылығын қамтамасыз етіп, жеке тұлғаның дамуына және тұрақталуына ықпалын тигізеді. Жеткіншек шақта жас балалар бойында белсенді түрде өзіндік сана қалыптасады, өзін-өзі бағалаудың және өз-өзіне қатынастың үлгілерінің тәуелсіз жүйесі қалыптасады, өзінің өзіндік әлеміне ене білу қабілеттері дами бастайды. Бұл шақта жеткіншек өзінің ерекшелігін, қайталанбастығын сезіне бастайды, оның санасында біртіндеп сыртқы бағалаудан ішкі бағалауға ауысу басталады. Осылайша, жеткіншек бойында біртіндеп, жас баланың мінез-құлқының саналы немесе санасыз құрылуына ықпалын тигізетін «Мен-тұжырымы» дами бастайды.

Өз дамуының бесінші кезеңіне (12-18 жас) өту барасында бала, классикалық психоанализге сәйкес, ата-анасына деген «махаббат және қызғаныш» оянуына кезігеді. Бұл мәселенің сәтті шешілуі өз құрдастары арасында махаббат объектісін таба алуына байланысты. Эриксон бұл мәселенің жеткіншектерде туындауын жоққа шығармайды, бірақ басқа да мәселелердің бар болуына сілтейді. Жеткіншек психикалық және физиологиялық жағынан да жетіле бастайды, осы жетілудің нәтижесінде пайда болатын жаңа сезімдері мен тілектері біріге, өмірге деген жаңа көзқарас дамиды. Осылайша, жеткіншек психикасындағы жаңа ерекшеліктеріндегі маңызды орынды оның басқа адамдар ойына деген қызығушылық, олардың өзі жайындағы ойына қызығушылық алады. Жеткіншектер ойша жанұя, дін, қоғам үлгілерін қалыптастырады.

Жеткіншекте үйлесімді тұтастық қалыптасып, барлық қарама-қайшылықтарды ретке келтіре алатындай теориялар мен дүниеге көзқарастары дамуға бейім келеді. Қысқаша айтқанда, жеткіншек – бұл шыдамсыз идеалист, оның ойынша өз қиялдарындағы идеалдарды жүзеге асыру әлде қайда жеңілірек. Э.Эриксонның ойынша, осы жас кезеңінде пайда болатын қоршаған ортамен байланыс параметрі «Мен» идентификациясының оң өрісімен рольдер шырғауығының теріс өрісі арасында құрылады. Басқаша айтқанда, барлығын жалпылауға қабілеттенген жеткіншек алдында өзі жайында оқушы, спортсмен, тинейджер, дос және т.б. ретінде барлық білімін біріктіру, міндеті тұрады. Барлық бұл рольдерді ол бір тұтастыққа жинап, өткенмен байланыстырып, болашағын жобалауы керек. Егер жас бала осы міндетті сәтті атқара алса - психоәлеуметтік идентификация, онда оның кім екені, қай жерде тұрғаны туралы, қай жерге бара жатқаны туралы сезімі пайда болады. Бала дамуындағы дағдарыстар ағымы мен нәтижесіне ата-анасы ықпал ете алатын жас ерекшелік дамудың өткен кезеңдерімен салыстырғанда, жеткіншек кезеңде ата-ана ықпалы жанама бола түседі. Егер ата-ана арқасында жеткіншек тапқырлықты, өзбеттілікті, сенімділікті, икемділікті игере алған болса, оның идентификацияға, яғни өзінің индивидуалдылығының тануына деген мүмкіндіктері ұлғая түседі. Өзін-өзі бағалау жеке тұлғаның

орталық және маңызды элементі болып табылады. Ол айтарлықтай дәрежеде жеке тұлғаның әлеуметтік адаптациясын анықтайды, оның мінез-құлқы мен іс-әрекетінің реттеушісі болып табылады. Өзін-өзі бағалаудың қалыптасуы іс-әрекет және тұлғааралық қарым-қатынас процесінде жүзеге асады. Қоғам айтарлықтай деңгейде жеке тұлғаның өзін-өзі бағалауының дамуына ықпалын тигізеді. Адамның өз-өзіне қатынасы, адамның әлемге деген қатынасының жүйесіндегі уақыты бойынша кеш жаңа пайда болу болып саналады. Дегенмен, бұған қарамастан, жеке тұлғаның қарым-қатынас құрылымында өзін-өзі бағалау ерекше орын алады. Көптеген зерттеушілер өзін-өзі бағалау адекваттылығының жеткіншек шақта жоғарылауын белгілейді. Р.Бернс бұны былай деп түсіндіреді: «жеткіншектер өзі үшін маңызды болып саналатын көрсеткіштер бойынша өздерін төмен бағалайды, бұл төмендеу олардың реалдылығын көрсетеді». В.Кваде, В.П.Трусов жеткіншектер өзін-өзі бағалауының түрлі типтер индикаторлары жайында мәліметтерді ұсынды. Сонымен, олардың ойынша адекватты өзін-өзі бағалауды жеткіншектің болашақ мамандығына деген нақты бағдарлауы және моральды мінез-құлық нормаларын орындауға байланысты мұғалімнің жоғары бағалауы білдіреді. Жеткіншектің өзін-өзі бағалауының жоғары болуын оның мінез-құлқын құрбыларымен төмен бағалануы тудырады, ал төмен өзін-өзі бағалауды – психологиялық тұрақтылықтың төмен болуы тудырады. Түрлі зерттеулерде жеткіншектердің өзін-өзі бағалауының мазмұнында негізгі моральдік белгілер басым – қайырымдылық, әділеттік, шынайылық. Жеткіншектер өзін-өзі сынауының жоғары деңгейі өз бойындағы теріс қылықтарды танып, олардан арылуға мүмкіндік береді. Осылайша, өзінің «Менінің» маңызды және мойындалатын қасиеттері жеткіншек үшін коммуникативтік, еріктік және интеллектуалдық қасиеттері болып табылады. Бұл оларды, жеткіншектің өзіне деген құндылықты қатынасының негізі ретінде қарастыруға мүмкіндік береді. Бұндай жағдайда өзін тану, өзін-өзі бағалаудың дамуы жеткіншек үшін маңызды адамдардың ықпалымен жүзеге асады. Қыз балалардың өзін-өзі бағалауының сипаты айтарлықтай деңгейде өзінің басқа адамдармен қатынасын түсінуден және бағалаудан тәуелді болады. Бағалау ой тұжырымдарының жеткіншек шақтан жасөспірімдік шаққа динамикасы жеткіншектердің бағалау ой тұжырымдары, құрбыларының бағалауымен анықталатын, ең алдымен ол басқалар арасында қандай, оларға қаншалықты ұқсайтынын білуге бағытталған. Жеткіншектің бағалау ой тұжырымдары, өз идеалдарымен анықталатын, негізінен ол өзін қоршаған адамдардың ойынша қандай, қаншалықты олардан ерекшеленеді және қаншалықты ол өз идеясына жақын екенін білуге бағытталған. Кейін жас балалардың өзін-өзі бағалауы жайындағы ой тұжырымдары қоршаған адамдардың түрлі бағалауының синтезімен, іс-әрекетінің нәтижесімен анықталады және өзі үшін, басқалар үшін маңыздылығын іздеуге бағатталған [7, 35 б].

Бұл жас шағында жеткіншек өмірінде басқа адам ерекше орынды ала бастайды. Бұнымен жеткіншектің басқа адамдардың физикалық кейпін қабылдау ерекшелігі байланысты. Басқа адамды қабылдау және түсіну арқылы жеткіншек өзін түсінуге келеді. Жеткіншек санасында басқа адамның физикалық кейпін қабылдау жеткіншектің өзін-өзі қабылдауына өтетіні эксперимент жүзінде дәлелденген. Осылайша, нақ осы жас шағында организмде маңызды өзгерістер орын алғанда, жеткіншектің сырт келбеті және физикалық белгілері мазалаған кезде, оның құрбыларының арасында қабылданған стандарттарға баланың физикалық дамуының сай болуы оның әлеуметтік мойындалуында анықтаушы факторға айналады.

Сонымен қатар, өз сырт келбетінің ерекшелігін мойындау жеткіншекте көптеген маңызды жеке тұлғалық сапалардың дамуына ықпалын тигізеді (мыс: өз-өзіне сенімділік, өмірге қанағаттанушылық, тұйықтық, индивидуализм). Көптеген зерттеулер мәліметтері көрсеткендей, өзін-өзі бағалауы төмен жеткіншектер депрессивті тенденцияға бейім болып келеді. Шамамен сегіз жастан бастап, балалар түрлі салалардағы өзінің мүмкіндіктерінің сәттілігін бағалау қабілеттілігіне белсенділік таныта бастайтындығы белгілі. Солардың ішінде маңыздысы болып бес критерий табылады: *оқудағы жетістіктер, сырт келбеті, физикалық қабілеттері, құрбыларының бағалауы, әлеуметтік қабылдануы*. Дегенмен жеткіншек шақта, оқудағы жетістіктер және мінез-құлық ата-ана бағалауы үшін, ал басқалары - құрбыларының бағалауы үшін маңызды.

Сонымен, жеткіншектердің «Мен-тұжырымының» дамуына тікелей ықпал ететін факторлар бөлінді, жекелеп айта кетсек: ата-ана мінез-құлқы (жанұялық тәрбиелеу стилі), маңызды басқалар ролі, өзін-өзі бағалаудың баланың әлеуметтік-психологиялық статусымен байланысы, өзін-өзі бағалаудың педагогикалық бағамен байланысы мен жеткіншектер үшін жеке тұлғалық өсу тренингінің бағдарламасын құруда есепке алынған және зерттеліп отырған жас кезеңіндегі «Мен-тұжырымының» кейбір ерекшеліктері қарастырылды. Ойымызды қорыта келе дерек көздері анализі нәтижесінде біз «Мен-тұжырымы» ұғымын анықтадық, «Мен-тұжырымының дамуы және тәрбиелеу» атты Р.Бернс еңбегіне сәйкес оның құрылымдық компоненттерін (когнитивті, аффективті, мінез-құлықтық) сипаттадық.

Туғаннан жеткіншек жасқа дейінгі жеке тұлға дамуының кезеңдерінің сипатын аша отырып, біз Э.Эриксонның адамның психосоциалды даму теориясына сүйендік. Зерттеу жұмысының қорытындысы келесідей нәтиже шығаруға мүмкіндік береді:

1. Біздің зерттеуіміздің нәтижесі ретінде «Мен-тұжырымының» құрылымдық компоненттерін (когнитивті, аффективті, мінез-құлықтық) зерттеу болды, сонымен қатар, «Мен-тұжырымының» дамуына ықпал ететін факторлар (ата-ана мінез-құлқы, маңызды басқалар, әлеуметтік-психологиялық статус, педагогикалық бағалау) зерттеу.

2. Әдебиеттер анализі негізінде біз жеткіншектерді «Мен-тұжырымының» психологиялық ерекшеліктерін бөлдік:

- өзіндік сананың дамуы;
- өзін және қоршаған адамдарды бағалаудың үлгілер жүйесін игеру;
- өзін-өзі бағалаудың мазмұндық жағындағы өзгерістер;
- өзін-өзі бағалау эмансипациясы;
- өзінің физикалық кейпін қабылдау спецификасы;
- жеткіншектің жеке тұлғалық қасиеттерінің қалыптасуына өзін-өзі бағалау сипатының ықпалы.

3. Жеткіншектер бойында позитивті «Мен-тұжырымын» дамыту мақсатымен біз жеке тұлғалық даму тренингінің бағдарламасын құрып, тексеруден өткіздік.

4. Жеткіншектердің позитивті «Мен-тұжырымының» дамуына ықпал ететін факторлар төмендегідей болуы мүмкін:

- жеке тұлғалық даму тренингінде қолданылатын сабақтар тақырыбы, реттілігі, құрылымы;
- әрбір жеткіншекке деген жеке көзқарас;
- жас ерекшеліктерін есепке алу;
- топтық динамика процесі;
- тренингке қатысушылардың жеке қызығушылығы.

5. Жүргізілген тренингтік бағдарлама нәтижесінде жеткіншектер «Мен-тұжырымының» когнитивті, аффективті және мінез-құлықтық компоненттерінде позитивті өзгерістер байқалды.

6. Жүргізілген жұмыс жеткіншектердің өз-өздерін адекватты түсінуіне, өзіне және басқаларға қатынасының позитивті өзгеруіне, сенімді қарым-қатынас тәжірибесін игеруге ықпалын тигізді.

7. Алынған зерттеу нәтижелері топ мүшелерінің өзін-өзі сыйлау деңгейлерінің жоғарылағаны жайында, топ мүшелері арасында тартылу деңгейі орташа жеткіншектердің көбейгені жайында айтады.

8. Бізбен құрастырылып, тексеруден өткізілген жеке тұлға даму тренингінің бағдарламасын психологтың жеткіншектердің позитивті «Мен-тұжырымын» дамытуы бойынша жұмысында қолдануына ұсыныс жасаймыз.

*Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:*

1. Ананьев Б.Г., *О проблемах современного человекознания.* -М.: Наука, 1977, -350стр.
2. Реан А.А., Коломинский Я.Л., *Социальная педагогическая психология* - СПб.: Питер Ком, 1999,- 416стр. (Серия «Мастера психологии»)
3. Гримак Л.П., *«Я-концепция»* -М.: 1991, -270стр.
4. Бернс Р., *Развитие Я- концепции и воспитание.* - М.: 1986, - 380стр.
5. Обухова Л.Ф., *Детская психология: Теории, факты, проблемы.* - М., 1999, -350стр.
6. Столин В.В., *Самосознание личности.* - М.: 1984,- 310стр.
7. Эриксон Э., *Детство и общество.* - СПб.: 1996, -420стр.